

The background features a dark teal color scheme with several financial charts and graphs. A large, metallic-looking shield is centered in the image, containing a faint world map. The text is overlaid on the left side of the shield.

**FREEDOM FINANCE GLOBAL PLC ЖАРИЯ
КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ
МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ САЯСАТЫ
(ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 15.02.2024 ЖЫЛҒЫ
ШЕШІМІ БЕКІТІЛГЕН)**

- 1 МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ
- 2 МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР
- 3 МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР
- 4 КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Мүдделер қақтығысын айқындау

Мүдделер қақтығысы - Компанияның мүддесіне теріс әсер етуі мүмкін қызметтің, мүдденің немесе қатынастың бар-жоғы

Тиісінше реттелмеген кездегі қауіп-қатер:

Мүдделердің реттелмеген қақтығысы Компанияға, оның ішінде оның беделіне қауіп-қатер төндіріп, реттеуіш шараларға әкелуі мүмкін.

Қақтығысты реттеу:

Егер мүдделер қақтығысын жария ету, анықтау, бағалау және басқару шаралары қабылданаса, ол бұзушылық болып табылмайды.

Мүдделер қақтығысына тартылған тұлғалар:

Басқару органдары, байланысты тұлғалар, лауазымды адамдар және Компанияның қызметкерлері

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Қақтығыс туындайтын жағдай:

- Клиенттердің мүддесіне қайшы келу
- Лауазымды адамдармен және олармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау
- Компания қызметкерлерінің қарсы агенттерден пайда алуы
- Нарықтық емес бағалар бойынша мәмілелер
- Бір клиентке басымдық бергенде басқа клиентке залал келтіру
- Лауазымын жеке пайдасы үшін пайдалану

Мынадай жағдайлар мүдделер қақтығысы болып табылмайды

- Функционалды бағыныстылық болмаса байланысты тұлғаның жұмысы
- Қалыпты жағдайларда мәмілелер жасау
- Сауда жүйесі арқылы клиенттердің арасында мәмілелер жасау
- Клиенттердің үшінші тарапқа сыйақы алуға қатысты ұсынымы

Мүдделердің басымдығы:

Компания клиенттердің мүддесін бірінші орынға қояды. Қызметкер мен Компанияның арасында қақтығыс болған жағдайда, Компанияның мүддесі басымдыққа ие болады.

Компанияның мүдделер қақтығысын басқару жүйесіне негізгі қатысушылар және олардың міндеттері:

Компанияның Директорлар кеңесі:

- Саясатты бекітеді.
- Мүдделер қақтығысын басқарудың ұйымдастырылуы мен тиімділігін бақылайды.

Комплаенс бөлімшесі

- Мүдделер қақтығысын басқару әдіснамасын әзірлейді.
- Ішкі құжаттарға сараптама жүргізеді.
- Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты алып, талдау жасайды
- Қызметтік тергеп-тексерулер мен тексерулерге қатысады.
- Оқыту бағдарламаларын әзірлеп, қызметкерлерге консультация береді.
- Директорлар кеңесіне мүдделер қақтығысы туралы есеп жібереді.

Бас атқарушы директор:

- Компания қызметінің заңнамаға сәйкестігі үшін жауап береді.
- Мүдделер қақтығысын басқару үшін жүйені ұйымдастырады.
- Ықтимал қақтығыстарды анықтап, барынша азайтады.
- Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің өкілеттігін асыра пайдалануын бақылайды.
- Мүдделерді реттеу туралы есептерді қарастырады.

Қауіпсіздік қызметі:

- Қақтығысты анықтау және алдын алу үшін ішкі тергеп-тергеулер жүргізеді.
- Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.
- COMPLAENCS бөлімшесімен қақтығыстар туралы ақпаратты анықтау үшін ынтымақтастық қатынас орнатады.

Компанияның мүдделер қақтығысын басқару жүйесіне негізгі қатысушылар және олардың міндеттері:

Заң департаменті:

- Мүдделер қақтығысының бар-жоғына ішкі құжаттар мен шарттарға сараптама жүргізеді.
- Байланысты тұлғалар мен инсайдерлердің ағымдағы тізімдерін қолдайды.

Тәуекелді басқару департаменті:

- Қадағалау органының талаптарының орындалуын бақылайды.
- Қақтығыстарды реттеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады

Компанияның лауазымды адамдары:

- Мүдделер қақтығысын басқару қағидаттарын сақтайды және олар туралы ақпарат береді.
- Олар мүдделер қақтығысы бар мәселелерді шешуге қатысудан бас тартады.

Қызметкермен жұмыс департаменті

- Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде Саясатпен таныстырады.
- Қызметкерлердің дербес деректерін есепке алуды және қорғауды жүргізеді.
- Бұзушылықтар үшін тәртіптік шараларға қатысады.

Ішкі аудит департаменті:

- Мәмілелердің талаптарын және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін сақтауды тексереді.
- Басшылыққа қақтығыс жағдайларының туындағаны туралы ақпарат береді.

Бөлімшелердің басшылары:

- Мүдделер қақтығысының тәуекелін сәйкестендіріп, барынша азайтады.
- Саясатты сақтауды және қызметкерлерді оқытуды қамтамасыз етеді.

Компанияның барлық қызметкері:

- Мүдделер қақтығысын анықтап, алдын алады.
- Компания мен клиенттердің мүдделеріне басымдық береді.
- Мүдделер қақтығысы туралы уақтылы хабарлайды және оқытудан өтеді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

Мүдделер қақтығысын басқару процесі мынадай кезеңдерді қамтиды:

- Қақтығыстың алдын алу – қақтығыстың туындауына жол бермеу шаралары.
- Анықтау және бағалау – қақтығыстың ықтимал жағдайын тұрақты мониторингілеу және бағалау
- Реттеу – қақтығысты толық және жедел шешу шаралары.

Қақтығыстың алдын алу бойынша негізгі шаралары

- Қызмет көрсетіп, мәмілелер жасаған кезде заңнаманың және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау
- Жауапкершілік пен өкілеттіктің аражігі нақты ажыратылған ұйымдық құрылым
- Алқалық органдар – шешім қабылдауда тәуелсіздікті қамтамасыз ету
- Операцияларды қосарлы бақылау
- Конфиденциалды ақпаратты қорғау және деректерге қол жеткізу аражігін ажырату
- Бағалы қағаздармен мәмілелер жасау қағидалары
- Қақтығыс туралы ақпаратты жария ету

Лауазымды адамдардың және қызметкерлердің мінез-құлық қағидалары

- Заңнаманы және ішкі құжаттарды сақтау.
- Қақтығыстарға әкелетін әрекеттерден өзін-өзі тоқтату.
- Құқыққа қарсы қызметті болдырмау.
- Мәмілелер тәртібін сақтау.
- Байланысты тұлғалар туралы ақпаратты жаңарту
- Қызмет және шешілмеген қақтығыстар туралы ақпаратты жария ету.
- Есептіліктің дәйектілігі
- Конфиденциалды ақпараттың жеке мақсатта пайдаланылуын ескерту.
- Теріс ақпаратқа ден қою
- Кәсіптік әдепті сақтау

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

Компания мен қызметкерлер арасындағы мүдделер қақтығысын болдырмау

- Искерлік қарым-қатынас әдебін сақтау.
- **Қақтығыстар туралы ақпарат беру:** басшылыққа және комплаенс бөлімшесіне әлеуетті мүдделер қақтығысы туралы тезарада хабарлау.
- **Қаржылық мүдде туралы хабарлау:** Компания бизнес жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлап жүрген ұйымдардағы айтарлықтай қаржылық мүдде туралы хабарлау.
- **Қақтығыс әрекеттерінен өзін-өзі тоқтату:** қаржылық мүдде бар ұйымдармен қарым-қатынасқа әсер ететін қызметтен аулақ болу.
- **Басқа компанияларға қатысуға рұқсат алу:** басқа компанияларды басқаруға қатысуға алдын ала рұқсат алу.
- **Қоса атқарып жұмыс істеу туралы хабарлама:** қоса атқарып жұмыс істеуге ниеті туралы хабарлау және мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы растаманы ұсыну.

Инвестициялық қорлармен мүдделер қақтығысын болдырмау

- **Ұжымдық инвестициялар (CIS) қағидаларын сақтау:** егер бұл ұжымдық инвестициялар қағидаларына қайшы келсе, инвестициялық қор Компаниямен немесе байланысты тұлғалармен мәмілелер жасамауы тиіс.
- **Мәмілелердің нарықтық шарттары:** байланысты тұлғалармен мәмілелер қолайлы нарықтық шарттарда болуы керек.
- **Пай ұстаушыларды хабардар ету:** байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасар алдында жазбаша хабарлама беру.
- **Мәмілелерді мақұлдау:** қордың таза активтерінің 5%-дан астам мәмілелері үшін тәуелсіз пай ұстаушылардың көпшілігінің мақұлдауын алу.
- **Мәмілелер туралы есептілік:** қордың аралық және жылдық есептеріне байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелер туралы ақпаратты қосу.
- **Пай ұстаушылар мүдделерінің басымдығы:** пай ұстаушылардың мүддесі үшін әрекет ету және мүдделер қақтығысы кезінде олардың мүдделеріне басымдық беру.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

Бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсету кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау

- **Мүдделер қақтығысын анықтау:** клиентке қызмет көрсетілгенге дейін ықтимал қақтығыстар анықталады.
- **Қақтығыстарды болдырмау шаралары:** клиент мүддесінің басымдығы, қақтығыс мәмілелерден ықтимал бас тарту.
- **Клиенттің тапсырмасы бойынша операциялар:** егер өзгесі заңда немесе шартта көзделмесе, қаржы құралдарымен мәмілелер клиенттің тапсырмаларының негізінде жасалады.
- **Клиенттің тапсырмаларын қатаң орындау:** нұсқаулықтарға сәйкес, кәсіпқойлықпен және қысқа мерзімдерде.
- **Клиентке адал қарым-қатынас:** клиенттің ақпаратсыздығын пайдаланудан аулақ болу, барлық клиентке тең қарым-қатынас.
- **Тәуекел туралы хабарлау:** клиентке барлық қажетті ақпаратты және мәмілелермен байланысты тәуекелді жіберу.
- **Ақпараттық кедергілер:** қақтығыстарды болдырмау үшін бөлімшелер арасында кедергілер жасау.
- **Ақпаратқа қол жеткізуді шектеу:** конфиденциалды ақпаратқа қол жеткізу белгілі бір қызметкерлер үшін шектеулі.
- **Басқа шаралар:** мүдделер қақтығысын болдырмау үшін компания саясатында көзделген басқа шараларды іске асыру.



Мүдделер қақтығысы туындаған кездегі әрекеттер:

- **Клиентке хабарлау:** мәміле жасалмас бұрын клиентті ықтимал қақтығыстар туралы хабардар ету.
- **Комплаенс бөлімшесіне хабарлау:** қызметкерлер барлық әлеуетті қақтығыс жағдайы туралы жұмыс күнінің соңынан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Қызметкерлердің әрекеттеріне қойылатын шектеулер:

- Клиент тапсырмасын орындағанға дейін мәмілені жеке мүддесі немесе компания мүддесі үшін жасамау.
- Тиімді орындау үшін клиенттің нұсқауларына сәйкес келмейтінн мәмілелердің шамадан тыс жиілігін болдырмау.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

Мүдделер қақтығысын анықтау жөніндегі міндеттер

- Компанияның барлық қызметкері өздерінің ағымдағы қызметінде мүдделер қақтығысын анықтайды.
- Қақтығыстар ішкі тексерулер мен бақылау шаралары кезінде бағаланады.

Хабарлау және реттеу процесі

- Мүдделер қақтығысы анықталған кезде қызметкер тікелей басшыға және Комплаенс офицерге хабарлауы керек.
- Басшылар қақтығысты реттеу бойынша шаралар қабылдауға міндетті.
- Күмән туындаған кезде қызметкерлер Комплаенс офицерге немесе комплаенс бөлімшеге жүгінеді.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттің рөлі

- Ықтимал мүдделер қақтығысын бақылайды және жояды.
- Компанияның меншігін теріс пайдалану мен заңсыз пайдаланудың алдын алуды бақылайды.

Бұзушылықтар туралы хабарлама

Қызметкерлер комплаенстың бұзушылықтары және ықтимал мүдделер қақтығысы туралы хабарлау үшін «Шұғыл байланысты» пайдалана алады.

Комплаенс офицерінің рөлі

- Мүдделер қақтығысы туралы келіп түскен ақпаратты тексереді.
- Комплаенс комитетіне анықталған қақтығыстар мен қабылданған шаралар туралы тоқсан сайын баяндайды.

Компанияның міндеттемелері

- Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жария ету оны реттеу жөніндегі жауапкершіліктен босатпайды.
- Қызметкерлер өз құзыреті шеңберінде реттеу әдістерін ұсынуы тиіс.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

Мүдделер қақтығысын реттеудің негізгі тәсілдері:

- Мүдделер қақтығысын тудыратын мәмілені/қызметті/өнімді өзгерту немесе одан бас тарту.
- Алдын алынбаған мүдделер қақтығысы туралы ақпарат беру.

Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссия құру

- Комиссия қызметкерлердің немесе лауазымды адамдардың қатысуымен мүдделер қақтығысы жағдайларын қарау үшін құрылады.
- Комиссия шешімдері Бас атқарушы директорға және басқа да басқару органдарына ақпарат береді.

Қызметкерлерге қатысты мүдделер қақтығысын басқару шаралары:

- Конфиденциалды ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектеу.
- Шешім қабылдауға қатысудан ерікті түрде бас тарту немесе уақытша шеттету.
- Лауазымдық міндеттер мен өкілеттікті өзгерту.
- Мүдделер қақтығысын тудырған жеке пайдадан бас тарту.
- Мүдделер қақтығысының іске асырылу ықтималдығы жоғары болған кезде ақпаратқа қол жеткізуден шеттету.
- Еңбек міндеттерін бұзғаны үшін Компанияның бастамасымен еңбек шартын бұзу немесе жұмыстан шығару.

Саясат аталған шаралармен шектелмейді және әр жағдайда реттеудің басқа тәсілдері қолданылуы мүмкін.

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Компания мен клиент мүддесінің басымдығы

Қызметкерлер мен лауазымды адамдар Компания мен клиенттердің мүддесін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоюы керек.

Мүдделер қақтығысы болған жағдайда іскерлік шешімдерге әсер етуге тыйым салу

Қызметкерлердің жеке мүддесі Компанияның мүддесімен қақтығысқан жағдайда, олар іскерлік шешімдерге қатыса алмайды немесе әсер ете алмайды.

Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру кезіндегі шектеулер

- Қызметкерлер парасаттылықты сақтауға және Компанияның беделіне нұқсан келтіруі немесе мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін жеке инвестициялардан аулақ болуға міндетті.
- Заңнаманы және Компанияның ішкі құжаттарын бұзатын қаржы құралдарымен мәмілелерге, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәмілелер жасауға тыйым салынады.